

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК
бойынша әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №1**

Уақыты:25.08.2025 жыл

Тақырыбы: «2025-2026 оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хатты талдау»

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Саттыкова Айшат Акылбековна
Өмірзақ Гүлжанат Сапаржанқызы

Хатшы:

Қатысқаны:14

Қатыспағаны:0

Күн тәртібінде:

Тыңдалды:

«2025-2026 оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хатты талдау »

-Преспективалық жоспар, үйірме жоспарларын бекітуге ұсыну .

- Жаңа оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттерді нақтылау.

- Оқу бағдарламасындағы өзгерістермен таныстыру.

- Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жолдарын айқындау.

2.«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын іс-шараларда интеграциялау.

Сөйледі: әдіскер Саттыкова Айшат Акылбековна

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) бекітілген болатын. Осы аталған Моделдің басты міндеттерінің бірі инклюзивті білім беруді қоса алғанда, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау, тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады, ойын арқылы үйрету, түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту қажет. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар, қауіпсіз (заттардың қауіпсіздігі мен жиһаздардың орнықты орналасуы, мазмұнды (заттар мен ойыншықтар, кітаптар, материалдар, құралдардың балалардың жасына және Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес болуы, бай болуы (барлық тәрбиеленушілердің ойын, шығармашылық, зерттеу, танымдық әрекеттері мен қимыл белсенділігін соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға, қимылды ойындарды ұйымдастыруға, балаларға қолжетімді материалдармен соның

ішінде құммен, сумен эксперимент жасауға жабдықтардың (топта, дәлізде, ойын алаңында да) болуы әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген. Балалардың түрлі әрекеттерін, сондай-ақ «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер және Аталар мектебі» жұмыстарын және басқа да шараларды ұйымдастыруға болатыны көрсетілген.

Моделді іске асыру шеңберінде:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау.

Педагогтардың функционалдық міндеттері биылғы әдістемелік нұсқау хатта ашық көрсетілген

- Перспективалық жоспарды және циклограмманы құрастырады, «Баланың жеке даму картасын» толтырады;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізеді;
- таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі гимнастика, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперименттік, дербес және т. б.), серуен, жеке жұмыс ұйымдастырады;
- балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізеді;
- ата-аналармен балаларды тәрбиелеу мен дамытуды ықпалдастықта жүзеге асырады;
- білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараларға қатысады; (жиналыстар, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, конкурстар және т. б.);
- ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс-шараларды және т. б. ұйымдастырады және өткізеді және биылғы әдістемелік нұсқау хатта барлық іс-әрекеттердің, іс-шаралардың сілтемелері көрсетілген. Бұл дегеніміз педагогтарға үлкен көмек деп ойлаймын және бірлесе жұмыс жасаймыз.

-Құрметті педагогтар барлығымыз биылғы жылдың ерекшелігін білеміз:

-МДҰ мен ата-аналар қауымдастығының ықпалдастығын нығайту,

-«Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебінің» жұмыстарын ұйымдастыру үшін жағдай жасау ұсынылады.

-Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әрбір балаға қолайлы, әрі қауіпсіз орта құру басты назарда болуы тиіс.

-Экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру;

-«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын іс-шараларда интеграциялау.

- Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар қамтылған.

Шығып сойлеушілер:

Тәрбиеші: Айнабекова Венера Исмагуловна

-Әдістемелік нұсқау хат қолыма тигеннен оқып, таныстым. Керемет жаңалықтар бар. Тәрбиешілерге үлкен көмек, тәрбиеленушілерге жүйелі білім, тәрбие береміз, ізденеміз.

Тәрбиеші: Жолмагамбетова Айдана Темирхановна-Балаларды ерте дамыту инситуттынан әдістемелік нұсқау хатты жүктеп алып, танысып, оқып шықтым.Әдіскер Н.Жақсылыққызы айтып өткендей тәрбиешілерге керемет көмек сілтемелермен жасақталған. Әрі қарай әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа алып, бағдарламаның міндеттеріне сәйкес жұмыс жасаймыз.

Шешім:

- 1.Перспективалық жоспар, апталық циклограмма 2025-2026 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хат талаптарына сай толтырылсын.
- 2.Балалардың қауіпсіздігі басты назарға алынсын.
- 3.Топтарда талапқа сай заттық дамытушы орта жасақталсын.
4. -«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын іс-шараларда, күнделікті іс-әрекетке кіріктірілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

Саттыкова Айшат Ақылбековна
Өмірзақ Гүлжанат Сапаржанқызы

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК бойынша

Әдістемелік кеңес отырысы

Хаттама №2

18.09.2024 жыл

Қатысқаны :43

Қатыспағаны :0

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету»

Жүргізілу түрі: дөңгелек үстел

Күн тәртібінде:

Тыңдалды: №1 Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

Сөйледі: Әдіскер Саттыкова Айшат Ақылбековна мемлекеттік стандарт талаптарына сай топтарда бекітілген күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттер жүргізіліп жатыр. Педагогтар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен (2020 ж 24 қыркүйек №412 бұйрығымен) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде білім беруде. Әдістемелік нұсқаулық хат негізінде тәрбиешілер мен мамандардың перспективалық жоспарлары бекітіліп, циклограмма жазылуда. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары бекітіліп, педагогтармен жұмыстар жүргізілуде. «Білімнің бастауы-балабақшада», Тілдер күніне орай мерекелік челлендж жоспарға сай өтті, ұйымдастырылған іс-әрекеттер ойын түрінде күні бойы өткізілуде.

Бүгінгі әдістемелік отырысымыздың басты мақсат міндеттері :

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – білім беру қызметкерлерінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейін арттыруға, балалармен болатын жазатайым оқиғалардың қаупін азайтуға, балалардың дамуы үшін қолайлы және қауіпсіз ортаны құруға, мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің, ата-аналар мен мәселелер бойынша мамандардың өзара іс-қимылын күшейтуге мүмкіндік береді. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мектепке дейінгі ұйымның барлық қызметкерлері үшін бірінші кезектегі міндет болып

табылады. Балалардың жеке ерекшеліктеріне және олардың қауіпсіздік қажеттіліктеріне назар аудару маңызды.

Балабақшаның тәрбиешілері жұмыс орындарына жұмыс уақыты басталғанға дейін кемінде 10 минут бұрын келуге, топ бөлмелері мен ойын алаңдарын қауіпсіз жай-күйін және жабдықтардың жұмысқа жарамдылығын, өмірі мен денсаулығына күдікті және қауіпті заттардың бар-жоғын визуалды түрде тексеруі керек. Қауіпсіздік режимін бұзу анықталған жағдайда, олар дереу оларды жою шараларын қолдануға және әкімшілікке хабарлауға міндетті.

Анықталған бұзушылықтар жойылмайынша тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруға тыйым салынады. Таңғы қабылдауды ата-анадан тәрбиеленушінің әл-ауқаты туралы сауалнамасымен және оның денсаулық жағдайын визуалды бағалаумен үйлестіруден бастау керек. Егер ауруға күдік болса, тәрбиеленушіні балабақшаға қабылдау мүмкіндігі туралы шешім қабылдау үшін медициналық қызметкерге тексеруге жіберіледі. Педагог күндізгі уақытта тәрбиеленушілердің денсаулығында кез келген ауытқулар туралы ата-аналарға немесе заңды өкілдерге дереу хабарлауға міндетті.

Тәрбиеленушінің ата-анасы немесе заңды өкілдері баланы мұғалімге, ал ол болмаған жағдайда топтың тәрбиеленушілерін қабылдайтын басқа педагог қызметкерге тапсыруға міндетті. Тәрбиеленушінің ата-анасы немесе заңды өкілдері баланы мұғалімге, ал ол болмаған жағдайда топтың тәрбиеленушілерін қабылдайтын басқа педагог қызметкерге тапсыруға міндетті.

Педагог ата-аналармен жұмыс жасап, балаларының қалтасындағы заттарын бақылап, олардың ішінде сіріңке, дәрі-дәрмек, үшкір заттар және өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін басқа да заттардың болуын болдырмауы керек. Топқа бөгде адамдардың келуіне және оған сыртқы киіммен және ауыстырылатын аяқ киімсіз кіруіне тыйым салынады. Педагог балаларды таңертеңгі қабылдаудан кейін сыртқы есіктерді жабуы керек.

Баланы балабақшадан ата-анасы немесе заңды өкілдері алып кетуі керек. Баланы балабақшадан алып кете алмауының объективті себебі (ауру, іссапар, жұмыс кестесі және т.б.) болған жағдайда, мұны ата-анасының немесе заңды өкілдерінің мектепке дейінгі ұйым басшысының атына жазылған өтініші бойынша басқа адамдар (жақын туыстары) жасай алады. Тәрбиеленушілерді 16 жасқа толмағандарға немесе алкогольдік немесе есірткілік масаң күйдегі адамдарға беруге тыйым салынады. Тәрбиешіге балаларды қараусыз қалдыруға тыйым салынады. Шығу

қажеттілігі туындаса, тәрбиеші топтың тәрбиеші көмекшісіне топтан қай жерде және қанша уақытқа кететінін хабардар етіп, оның жұмысын біраз уақытқа қалдырып, балаларға қарауын сұрауы керек. Жұмыс орнында болмауы мектепке дейінгі ұйымның басшысымен келісілуі керек. Балалардың көз деңгейінде ілмектер мен шегелермен жүруге тыйым салынады; топты безендіру үшін итергіш түйреуіштерді, қағаз қыстырғыштарды және тігін түйреуіштерін пайдаланыңыз. Педагог инелерді, түйреуіштерді, қайшыларды, жүздерді, басқа тесу және кесетін заттарды, шыны заттарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтауы керек. Құмырада өсетін гүлдерді баспалдақтарға, шкафтарға немесе дәретханаға қоюға болмайды.

Серуендеуге шықпас бұрын тәрбиеші ойын алаңында балалар үшін қауіпті заттардың бар-жоғын (қураған ағаштар, кесетін, тесетін заттар, шұңқырлар, құдықтар) бар-жоғын тексеруі керек, ойын құралдарының қауіпсіз екеніне көз жеткізуі керек және балалар таныс емес өсімдіктерді аузына салмауын қадағалау керек. Ойын алаңында орналасқан дене шынықтыру құралдарының жұмысқа жарамдылығын қадағалап, кез келген ақаулар туралы жауапты тұлғаларға жедел хабарлау қажет.

Тәрбиешілер балабақша ғимаратының қабаттары арасындағы баспалдақпен көтерілу және түсу кезінде қоршаулардан ұстап қауіпсіздікті сақтай отырып, тәрбиеленушілермен бірге жүруі керек. Серуендеу кезінде мектепке дейінгі ұйымның аумағына бейтаныс адамдардың кіруі немесе балалардың өздері абайсызда адам көп жүретін көшелерге шығып кетуі мүмкін жағдайларды болдыруға болмайды. Балабақшада қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін аумақты шарбақпен жасыл желектермен қоршау керек. Қоршаудың биіктігі әртүрлі болуы мүмкін - бұл стандарттармен реттелмейді. Аумақта сыртқы жасанды жарықтандыру орнатылуы керек. Педагогтерге балалардың көзінше терезелерді ашық ұстауға тыйым салынады; жазда терезелерде тек жақтау немесе москит торы болуы керек. Мектепке дейінгі ұйымның үй-жайларындағы электр сымдары оқшауланған болуы керек, ал электр құрылғылары тәрбиеленушілердің қолы жетпейтін жерде болуы керек.

Топтағы педагогтерге тұрмыстық электр аспаптарын: шәйнектерді, үтіктерді және т.б. пайдалануға, сондай-ақ техникалық оқу құралдарын (магнитофон, проектор, ноутбук және т.б.) ұзақ уақыт электр желісіне қажетсіз қосулы қалдыру ұсынылмайды; техникалық оқыту құралдарын пайдаланудың соңында қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, розеткадан алу керек (тек құрғақ қолмен). Топқа денсаулыққа қауіпті ерітінділер мен сұйықтықтарды әкелуге тыйым салынады; топтағы балаларды емдеу үшін балалардың ата-аналарынан немесе заңды өкілдерінен балалар шкафында қалдырған дәрі-дәрмектерді, таблеткаларды және басқа да дәрі-дәрмектерді қабылдау.

Тәрбиеші ата-аналардан немесе заңды өкілдерден балалардың аяқ киімінің арты жабық болуын талап етуі керек. Ылғал тудыратын бөлме тәпішкесін және аяқ киімді киюге тыйым салынады. Педагог балалардың аяқ киімі әрқашан бекітілуін қамтамасыз етуі керек. Тәрбиешілер карантиндік шараларды қатаң сақтап, сақталуын қамтамасыз етуі керек.

Тәрбиеші өз жұмыс орнын таза ұстауға, топ кеңістігін жеке заттармен толтырмауға, барлық кіреберістерге еркін кіруге жағдай жасауға міндетті-деп бөбекжай-бақшасы әдіскері педагогтарға түсіндірме жұмыстарын түсіндірді.

Сөйлегендер:

Адилгалиева Айсауле Мухтаровна: -Балаларды қабылдаудан бастап қараусыз қалдырмауға тырысамыз, топтарда терезені ашық тастамаймыз. Балаларға қауіпсіздікті сақтау бойынша бейне материалдар көрсетіп топтарда іс-шаралар өтілуде.

Уразалина Марьям Тулегеновна:

Балаларға қауіпсіздік ережелерін қолжетімді және қызықты түрде үйретудеміз. Ойындар, іс-шаралар, әңгімелер, ертегілер, мультфильмдер, рөлдік ойындар, практикалық жаттығулар, жол қозғалысы ережелері, өрт қауіпсіздігі туралы ойындар ойнатылуда. Қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау, ойыншықтарды жүйелі түрде тексеру және дезинфекциялау жұмыстары жүргізілуде.

Педагог-психолог: Жамалова Карлаш Тулегеновна

Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары туралы ата-аналарды үнемі хабардар ету қажет. Балаларға қауіпсіздік ережелерін үйрету бойынша іс-шараларға қатысуға ата-аналарды тартуға жұмыс жасауымыз қажет.

Шешім:

1. Бөбекжай-бақшасында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде іс-шаралар өтілсін.
2. Балаларға қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту үшін ойындар мен іс-әрекеттер орындалсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

Саттыкова Айшат Ақылбековна
Өмірзақ Гүлжанат Сапаржанқызы

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК
Әдістемелік кеңес отырысы

Хаттама №3

28.10.2024ж

Қатысқаны:43

Қатыспағаны:0

**Тақырыбы: «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ: ЖАҢАРТЫЛҒАН
МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ АЛГОРИТІМІ»**

Жүргізілу түрі: дөңгелек үстел

Күн тәртібінде:

Тыңдалды: №2 Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

Сөйледі: Әдіскер Саттыкова Айшат Ақылбековна «Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша» іс-шара жоспарына сәйкес жұмыстардың жүргізгені туралы мәлімет берді. Ересек «Қызғалдақ» тобының тәрбиеленушілерімен «Мен қауіпсіздік ережелерін білемін» тақырыбында іс-шара өтіліп, тәрбиеленушілерге ойын әрекеттері арқылы қауіпсіздік ережелерін түсіндіре білді.

Бүгінгі әдістемелік отырысымыздың басты мақсат міндеттері : Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығына сәйкес 2024-2025 оқу жылының білім беру ұйымдарында “Біртұтас тәрбие” бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары құрылып, іске асырылуын тапсырған.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу.
- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту.

- Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру.
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау.

-Құрметті әріптестер, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығына сәйкес 2024-2025 оқу жылының білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары құрылып, іске асырылуын тапсырған. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша балабақшаішілік жоспар құрылып, сіздерді жоспарға сәйкес жұмыстармен таныстырып өтейін.

-«Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу. «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыруымыз қажет.

«Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционалды қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру, қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыруымыз керек.

«Менің Қазақстаным» - мемлекеттік мерекелерге арналған ертеңгіліктерде ересек және мектепалды топтардың тәрбиеленушілерінің Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы қажет.

«Апта дәйексөздері» - ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру, мнемо кестелерде ойнату, ақпарат тақтасында жасақталу қажет.

«Менің қауіпсіздігім» - жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету қажет.

Ересек топ тәрбиеленушілеріне:

- Жедел қызметтердің телефон нөмірлері;
- Төтенше жағдай кезінде жедел қызметтерге телефон соғу нұсқаулары;
- Абайлаңыз, терезе!»
- Үйдегі қауіпті заттар;
- Топтағы тәртіп ережелері;
- Бөтен адам есік қаққанда...танымайтын адамға есік ашуға бола ма?

- Ойын-сауық орындарында және көлікте өзін-өзі ұстау ережелері;
- Көшедегі бейтаныс адамдардың ұсыныстарына қалай жауап беруге болады?;
- Үйдің мекен жайын, ата-аналардың нөмірлерін жатқа білеміз? – жеке қауіпсіздік тақырыптары бойынша түрлендіріп жыл бойына қауіпсіздікке байланысты іс-шаралар өтілуі қажет.

Шығып сөйлеушілер:

Тәрбиеші: Абдулова Гулжан Нурбековна

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығына сәйкес 2024-2025 оқу жылының білім беру ұйымдарында “Біртұтас тәрбие” бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспарына сәйкес жұмыстар жүргіземіз, балаларға қауіпсіздік іс-шаралар арқылы қауіпті заттардан қорғануға толық түсіндірме жұмыстары ойын арқылы өтілгені тиімді деп ойлаймын.

Тәрбиеші: Жамалова Карлаш Тулегеновна

- Отан, ел, туған өлке туралы білуге, Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білуге, мемлекеттік тілді білуге, ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білуге, табиғатқа қамқорлық таныта білуге бағдарлама өте тиімді екен, балалармен бірлесе жұмыс жасаймыз.

Шешім:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығына сәйкес 2024-2025 оқу жылының білім беру ұйымдарында “Біртұтас тәрбие” бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

3. Ересек топ тәрбиеленушілерімен «Жеке қауіпсіздік тақырыбында» іс-әрекеттер, іс-шаралар орындалуы топ тәрбиешілеріне жүктелсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

Саттыкова Айшат Ақылбековна
Өмірзақ Гүлжанат Сапаржанқызы

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК
Әдістемелік кеңес отырысы**

Хаттама №4

Әдістемелік кеңес отырысы

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, мамандар

Қатысқаны:43

Қатыспағаны:0

Тақырыбы: Жылдық оқу-тәрбие жұмысын қорытындылау. Педагогтердің кәсіби дамуындағы жетістіктері мен қиындықтарын айқындау

Күн тәртібі:

1. Әдістемелік жұмыстың нәтижесін саралау.
2. Педагогтердің кәсіби жетістіктері мен қиындықтарын талдау.
3. Педагогтердің рефлексиясы.
4. Жаңа оқу жылына ұсыныстар енгізу.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Саттыкова Айшат Ақылбековна - жыл бойы жүргізілген әдістемелік жұмыстарға кеңінен тоқталды. Ол педагогтердің оқу іс-әрекеттерінде қолданған әдіс-тәсілдерінің тиімділігіне талдау жасап, ашық сабақтар, семинарлар, коучингтер мен тәжірибе алмасу жұмыстарының нәтижесін атап өтті. Балалардың білім салалары бойынша даму көрсеткіштері сараланып, әсіресе тіл дамыту, танымдық және әлеуметтік-коммуникативтік бағыттарда оң нәтижелер бар екені айтылды. Сонымен қатар кейбір топтарда балалардың сөздік қорының жеткіліксіздігі, байланыстырып сөйлеу дағдыларының баяу қалыптасуы сияқты мәселелер де анықталғаны нақты мысалдармен көрсетілді.

Екінші мәселе бойынша тәрбиешілер өздерінің кәсіби жетістіктері мен кездескен қиындықтарын ашық түрде баяндады. Кейбір педагогтер балалармен жұмыс барысында ойын технологияларын тиімді қолдану арқылы жақсы нәтижеге қол жеткізгенін айтты. Балалардың қызығушылығының артуы, сабаққа белсенді қатысуы, шығармашылық қабілеттерінің дамуы атап өтілді. Сонымен қатар қиындықтар да жасырылмай айтылды: кейбір балалардың тәртіп сақтау деңгейінің төмендігі, ата-аналардың жеткілікті деңгейде қатыспауы, жеке жұмыс жүргізуді қажет ететін балалар санының артуы сияқты мәселелер көтерілді.

Үшінші мәселе – педагогтердің рефлексиясы барысында әр педагог өз жұмысына талдау жасап, жетістіктері мен кемшіліктерін саралады. Педагогтер өздерінің кәсіби өсуіне әсер еткен факторларды атап өтті. Атап айтқанда, біліктілік арттыру курстарына қатысу, әріптестермен тәжірибе алмасу, жаңа әдістерді қолдану нәтижесінде кәсіби деңгейдің артқаны байқалды. Сонымен қатар кейбір педагогтер өздеріне сенімсіздік, уақытты тиімді жоспарлай алмау, жаңа технологияларды толық меңгермеу сияқты қиындықтарды атап өтті.

Төртінші мәселе бойынша жаңа оқу жылына нақты ұсыныстар енгізілді. Әдіскер тарапынан оқу-тәрбие процесін жетілдіру бағытында жүйелі жұмыс жүргізу қажеттігі айтылды. Балалардың тілдік құзыреттілігін дамытуға ерекше назар аудару, ойын технологияларын кеңінен қолдану, әр баламен жеке жұмыс жүргізу ұсынылды. Сонымен қатар ата-аналармен байланысты күшейту, бірлескен іс-шараларды көбейту, педагогтердің кәсіби дамуын қолдау мақсатында семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру қажеттілігі атап өтілді. Әдістемелік кеңес отырысы барысында жылдық оқу-тәрбие жұмысы жан-жақты талданып, педагогтердің кәсіби дамуындағы жетістіктері мен қиындықтары нақты айқындалды. Талқылау нәтижесінде оқу процесін жетілдіруге бағытталған нақты шешімдер қабылданды. Бұл алдағы оқу жылында білім беру сапасын арттыруға негіз болады.

Қаралған нақты мәселелер:

- Балалардың білім салалары бойынша меңгеру деңгейіндегі айырмашылықтар;
- Тіл дамыту жұмыстарының жеткіліксіз жүргізілуі;
- Кейбір топтарда тәртіп пен ұйымшылдықтың төмендігі;
- Ата-аналармен кері байланыстың әлсіздігі;
- Педагогтердің жаңа технологияларды қолданудағы қиындықтары;
- Жеке қолдауды қажет ететін балалармен жұмыстың жеткіліксіздігі.

Шешім:

1. Әдістемелік жұмыстың нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын, анықталған кемшіліктер бойынша түзету жұмыстары жүргізілсін.
2. Балалардың тілдік дамуын арттыру мақсатында күнделікті жоспарға қосымша тіл дамыту жаттығулары енгізілсін.

3. Әр педагог өз тобындағы балалардың даму деңгейіне сәйкес жеке жұмыс жоспарын жасасын.
4. Ата-аналармен байланысты нығайту мақсатында ай сайын бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылсын.
5. Педагогтердің кәсіби дамуын арттыру үшін семинар, коучинг, тәжірибе алмасу жұмыстары жалғастырылсын.
6. Жана оқу жылына арналған жылдық жоспар осы ұсыныстар негізінде қайта қаралып, толықтырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:
Хатшы:

Саттыкова Айшат Акылбековна
Өмірзақ Гүлжанат Сапаржанқызы